

Еңбек саласындағы заңнамаларды білуге және қажет кезінде тиісті органдарға шағымдануға жұмысшылардың көпшілігі неғұнрайды қарайтыны рас. Ара-түра басшылықтың «бармақ басты, қоз қысты» әрекеттерге баратыны да жасырын емес.

Бүрнауғы жылдары жекеменшік кәсіпорынның қызметкерлерінен арағідік «жұмыстан қысқарып қалдық» деген әңгімені еститінбіз. Ал қазір ше? Бүгінде осыған ұқсас жайттар жыл өткен сайын еселеніп барады. Десе де, қазырлы орган өкілдері «мұндай мазмұндағы арыз-шағымдар түскен жоқ» деп азарда-безер.

Биылғы жылдың қазан айында облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасына «Кызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының қызметкері А.Әбсадықовадан еңбек қатынастарына қатысты шағым түскен.

– Арызданушы А.Әбсадыкова мекемеде жүргізіліп жатқан қысқарту шаралары, жалақының уақытылы төленбеуі, мерекедегі демалыс күндері жұмысқа тартылғандығы және ол үшін еңбекақы төленбегендігі туралы шағым түсірген. Осыдан кейін еңбек саласындағы бақылау басқармасы өз қызметі шенберінде мекемеге жоспардан тыс тексеру жұмыстарын бастады, - деді өңірлік коммуникациялар қызметі аланында өткен баспасөз брифингінде облыстық еңбек саласындағы бақылау басқармасы басшысының орынбасары Тұмар Шалабаева.

Жүргізілген тексеру нәтижесінде А.Әбсадықованың қыркүйек айындағы 141 мың теңгеден аса жалақысы уақытылы төленбегендігі анықталып, жұмыс берушіге нұсқама беріліп, орган ҚР Әкімшілік Кодексінің талабына сәйкес 30 АЕК мөлшерінде айыппұл салынған. Сонымен қатар мерекедегі демалыс күндері жұмысқа тартылғандығы және ол үшін еңбекақы төленбегендігі де расталған. Жұмыс беруші мен жұмысшы арасында жазбаша келісім жасалмағандығы да дәлелденген. Еңбек Кодексінің 85-бабының 1-ші, 2-тармағында белгіленген талаптар орескел бұзылған. Тұмар Балтабайқызының сөзінше, қазіргі таңда жүргізілген шаралардан сон А.Әбсадықованың еңбекақысы толық төленіп, нұсқама орындалған.

Осы ретте айта кетейік, мекемедегі штаттық кестені бекіту тікелей жұмыс берушінің қызметінде. Алайда 55 жастан асқан тұлғалар мен жүкті және 3 жасқа дейінгі бала күтімінде отырған кейбір қызметкерлер қысқарту тізіміне еніп кеткен. Бұл еңбек

заннамасына қайшы әрекеттер болып саналады.

– «Кызылорда су жүйесі» МКК-да мекемедегі штаттық кестені онтайландыру шараларына орай 47 қызметкер қысқартылған еді. Кеткен кемшіліктерді қалыпқа келтірдік. Ал, арызданушы А.Әбсадықова бүгінгі күні жұмыста жоқ. Бірақ, біз мекемедегі бірнеше қызмет түрін ұсындық. Ол бас тартты, - дейді «Кызылорда су жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының басшысы Тілеуберген Қаныбеков.

Айтпақшы, аталмыш мекемеде қаржылық қиындықтар орын алып жатқан көрінеді. Мұны Тілеуберген Сағынышұлы да жоққа шығармады.

Козы | Көрпеш | Жасаралұлы